

Н.С. Сабыржан^{1*}, Ж.Ә. Аймұхамбет²

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹snrsltan@mail.ru; ²a_zhanat@mail.ru

ORCID: ¹0009-0003-2785-6132; ²0000-0002-7061-3000

БЕКЕЖАН ТЛЕГЕНОВТІҢ «ҚАРА ЖЕЛ» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПкерлер тағдырын антропологиялық талдау

Аңдатпа. Қазақ даласындағы ядролық сынақ зардабы XX ғасырдың 80-90 жылдарындағы біршама көркем әдебиет туындыларына арқау болды. Солардың қатарында белгілі жазушы Б.Тілегеновтің «Қара жел» романын ерекше атауға болады. Біздің зерттеу нысанымыз – «Қара жел» романындағы кейіпкерлер тағдыры. Зерттеудің өзектілігі романдағы кейіпкерлер тағдырына антропологиялық талдау жасау арқылы тоталитарлы саясат пен халық бейнесін тану. Мақаламыздың басты мақсаты – роман кейіпкерлерінің тағдырына антропологиялық талдау жасай отырып, олардың болмыс-бітімінің қалай өзгеріске ұшырағанын, автордың әлеуметтік мәселелерге көзқарасын анықтау. Мақалада алғашқы ядролық сынақтың зардабын тартқан жергілікті халық психологиясындағы өзгерістерді көркем бейнелеудегі тәсілдер зерделенеді. Зерттеуде антропологиялық және герменевтикалық әдістер қолданылды. Герменевтикалық талдау арқылы автордың кейіпкер тағдырына қатысты позициясы, «Киік-қырған» жазығының символикалық мәні қандай деген сауалдарға жауап беріледі. Кейіпкер тағдырына антропологиялық талдау жасау арқылы автор Мөлдір, Арман, Жұман сияқты кейіпкерлер бейнесімен кеңестік үстем саясатқа деген қарсылықты танытса, киік қырғыны арқылы халық тағдырын бейнелегені назарға алынады. Бұл полигонның экологиялық, әлеуметтік-тарихи тұрғыдағы қасіретті салдары романда қалай суреттелгені жүйелі талдаулар арқылы көрсетіледі. Нәтижесінде кейіпкерлер болмысының экзистенциалды өзгеріске ұшырап, атом сынағының жергілікті халыққа әсері қандай болуы мүмкін деген сауалдың жауабы анықталды. Жұмыстың ғылыми маңызы – кейіпкер бейнесіне антропологиялық талдау жасаудың жаңа жолдарын зерделеу мен прозадағы әлеуметтік-тарихи мәселелерді интерпретациялау. Зерттеу талабына сәйкес ой тұжырымдалып, қорытындылар жасалды.

Кілт сөздер. Роман, әдеби антропология, кейіпкер, ядролық сынақ, халық тағдыры.

N.S. Sabyrzhan^{1*}, Zh.A. Aimukhambet²

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

E-mail: ¹snrsltan@mail.ru; ²a_zhanat@mail.ru

ORCID: ¹0009-0003-2785-6132; ²0000-0002-7061-3000

ANTHROPOLOGICAL ANALYSIS OF THE FATES OF THE CHARACTERS IN BEKEZHAN TLEGENOV'S NOVEL «THE BLACK WIND» («QARA ZHEL»)

Abstract. In the 1980s and 1990s, the consequences of nuclear testing in the Kazakh steppes became a foundation for numerous literary works. Among them, the novel «The Black Wind» («Qara zhel») by the talented writer B. Tlegenov holds particular significance. The relevance of our study is connected with analyzing the fates of the characters in this novel. The importance of the research lies in understanding totalitarian policies and the image of the people through anthropological analysis of the characters' destinies. The main aim of our article is to conduct an anthropological analysis of the characters' fates in the novel «The Black Wind»

(«Qara zhel»), to identify how their essence and appearance have changed, and to determine the author's attitude towards social issues. The article explores artistic methods used to depict psychological changes of the local population affected by the first nuclear tests. The research employs anthropological and hermeneutic methods. Through hermeneutic analysis, responses are provided to questions regarding the author's stance on the characters' fates and the symbolic significance of the «Kiik-Qyrgan» valley. By applying anthropological analysis to the characters' fates, it is revealed that the author, through characters such as Moldir, Arman, and Zhuman, expresses resistance to Soviet imperialism, while the representation of the people's fate through the image of the deer slaughter in the valley is also examined. Systematic analysis demonstrates how the ecological, social, and historical consequences of the nuclear test site are depicted in the novel. As a result, the existential transformation of the characters' identities and the impact of nuclear testing on the local population are clarified. The scientific value of this work lies in exploring new methods of anthropological analysis of character images and interpreting social-historical issues in prose. Conclusions are drawn based on the research requirements.

Keywords. Novel, literary anthropology, character, nuclear test, national fate

Н.С. Сабыржан^{1*}, Ж.А. Аймухамбет²

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

E-mail: ¹snrsltan@mail.ru; ²a_zhanat@mail.ru

ORCID: ¹0009-0003-2785-6132; ²0000-0002-7061-3000

АНТРОПОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ СУДЬБЫ ГЕРОЕВ РОМАНА БЕКЕЖАНА ТЛЕГЕНОВА «ЧЕРНЫЙ ВЕТЕР» («КАРА ЖЕЛ»)

Аннотация. В 1980-1990-х годах последствия космических испытаний в казахстанских степях стали основой для множества литературных произведений. В их числе особое место занимает роман «Черный ветер» («Кара жел») талантливого писателя Б.Тлегенова. Актуальность нашего исследования связана с анализом судеб героев данного романа. Важность исследования заключается в понимании тоталитарной политики и образа народа через антропологический анализ судеб персонажей в романе. Цель нашей статьи – провести антропологический анализ судеб героев романа «Черный ветер» («Кара жел»), выявить характер их изменений как в психологической, так и в физической сферах, а также определить отношение автора к социальным вопросам. В статье рассматриваются художественные методы отображения изменений в психологии местного населения, подвергнувшегося воздействию первых ядерных испытаний. В исследовании используются антропологические и герменевтические методы. Благодаря герменевтическому анализу даются ответы на вопросы о позиции автора относительно судеб героев и символическом значении долины «Киик-Қырған». Проведя антропологический анализ судеб персонажей, выявляется, что через образы таких героев, как Молдір, Арман и Жуман, автор выражает протест против советского империализма, а через образ оленя, расстрелянного в долине, демонстрируется судьба народа. Циклический анализ показывает, как экологические, социальные и исторические последствия полигона отражены в романе. В результате раскрыты возможные экзистенциальные изменения личности персонажей и влияние ядерных испытаний на местное население. Научная ценность работы заключается в изучении новых методов антропологического анализа образов героев и интерпретации социальных и исторических проблем в художественной литературе. В соответствии с требованиями исследования сделаны выводы.

Ключевые слова. Роман, литературная антропология, персонаж, ядерные испытания, судьба народа

1. Кіріспе

«Антропология» сөзі XVI ғасырда ғылым ретінде қолданысқа енгенімен алғашында оны адамның физикалық және биологиялық күйін сипаттау мақсатында пайдаланған.

Кейінірек Құдайдың адамға тән қасиеттерін көрсету үшін қолданылды. XVIII, XIX ғасырларда еуропа ғалымдары жалпы адамзат, нәсіл, ұлттық ерекшеліктерді біртұтас «этнология» сөзімен бере бастады. Еуропа мен Құрама штаттардың ғылыми дәстүріне, мәдениетіне, саяси жағдайына байланысты антропология мен этнология ұғымдары екі ғасырдан астам уақыт ұқсас ғылым ретінде айтылып келді. Қазірдің өзінде еуропада «этнология», АҚШ-та «мәдени антропология» бір ұғымды білдіреді. АҚШ пен Канадада антропологияның төрт түрлі – биологиялық, археологиялық, лингвистикалық және мәдени деген бағыттары қарастырылады (Бернард, 2018: 12). Соның ішінде біздің зерттеу нысанымыз әдеби антропологияға жатады. Антропология ғылымының дамуын жүйелі түрде талдаған Л.Клейн «История антропологических учений» еңбегінде америкалық теоретиктер Д.Каплан мен Р.Мэннерстің антропологиялық мектептерді «эволюционизм, функционализм, тарихи, мәдени экология» деп жіктегенін көрсетеді. Бірақ осыған қарама-қарсы Л.Уайттың «...эволюция, диффузия, тәуелсіз даму, интеграция, детерменизм, таңдау және заңдылық. Мұндай мектептердің табиғатының өзі алдамшы» (Клейн, 2014: 17) деген пікірін ұсынады.

Өткен ғасырдың орта шенінде антропологияның нақты ұстанар парадигмасы болмады. Ғылымның дамуы мен дағдарысқа ұшырауы бұл салада да анық байқалды. Осыған дейінгі ағылшын функцияналдығы, француз структурализмі, этносемантика, психологиялық антропология, элеуметтік антропология, неомарксизм мен символ талдауды біріктіруге күш салу нәтижесін айтарлықтай бере қоймады. Сондықтан да 1960 жылдары К.Гирц оқырман санасына ұғынықты – репрезентация немесе басқаша айтсақ интерпретативті антропология парадигмасын ұсынды (Орлова, 2010: 533). Жалпы алғанда мәдениет – мәтін, біз оны оқырманға оқып, түсіндіріп, санасына бейнелеп және сипаттап беруіміз қажет деген ұстанымға келді.

Шетел әдебиеттануында Джеймс Клиффорд, Фернандо Пойтос, Дел Химес, Татьяна Автухович, Александр Бабук секілді ғалымдар зерттеп, негіздеген саланы қазақ әдебиеттануында Жанғара Дәдебаев, Шәкір Ибраев, Жанат Аймұхамбет, Вера Савельева зерттеу нысаны ретінде қарастыруда. Канадалық антрополог Фернандо Пойтос «Әдеби антропология» еңбегінде халықтың сыртқы бет-бейнесін оның аңыз, фольклор тәрізді мұраларымен салыстыра отырып зерттеу керегін (Poyatos, F. (Ed), 1988) ұсынады. Александр Бабук «Әдебиеттанудағы антропологиялық бұрылыс және мәтін талдаудың әдістемелік мәселелері» деген мақаласында «қазіргі заманғы әдеби антропологияда көркем шығармаға берілетін интерпретациялардың көпқырлылығын баяндау интенцияларымен санаспай қарастыру мүмкін емес» (Бабук, 2022) десе, Фахмида Хок Мим мен Шаханаз Ханам «Ағылшын әдебиетін антропология және психоанализ арқылы оқу» деген мақалада «антропология соңғы кезде әдеби әдістерге жүгініп, автор позициясын нақтылауға, көп дауысты баяндауларды (multivocality), әңгімелеудегі үнсіздіктерді ашуға және антропологиялық әрі этнографиялық дискурстардың арасындағы жарықшақтарды көрсетуге тырысады» (Meem and Khanam, 2018: 30) деп тұжырымдайды. Ғалымдар тарапынан көркем антропология әдістемесі мен талдау жүйесі әлі де болса талас тудыратын мәселе екені байқалады. Дегенмен, жоғарыда айтылған пікірлерді сұрыптай отырып, К.Гирц пен

Ф.Пойятостың пікіріне баса назар аударамыз. Біздің ойымызша, антропология мен әдебиеттің байланысы адамды рухани болмыс ретінде талдап, түрлі мәдениеттегі мәтінде қалай таңбаланғанын зерттеуден басталады.

Осы себепті көркем антропология парадигмасы мен аспектілері әлі де тыңғылықты зерттеуді талап етеді.

Біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі – антропологияның адам табиғатын және оның мәдениет секілді басқа компоненттермен байланысын зерттейтін ғылым ретінде әдебиетпен табиғи түрде тоғысуын дәйектеу. Әдебиет – тәуелсіздік, мәдениет, отарсыздану, тіл, фолькор, сондай-ақ мәдени жалғастық пен қадір-қасиет секілді ұғымдарды бейнелейді.

Біз мақалада Б.Тілегеновтің «Қара жел» романындағы кейіпкерлер тағдырын антропологиялық аспект аясында талдауды мақсат етеміз. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді қарастыру қажет:

- Кейіпкер есімінің көркем шығарма сюжетіндегі орны мен ішкі тартысты бейнелеуін талдау;
- Романдағы көркем детальдардың кейіпкерлер тағдырына әсерін анықтау;
- Антропологиялық талдау аясында адам мен табиғат үйлесімінің қаншалықты маңызға ие екенін айшықтау.

Мақала көркем антропология пәні аясында жазылып отырғандықтан жаңа бағыттағы ғылым саласының қазақ әдебиетіне тереңдеуі, қайшылықты мәселелері, іргелі көзқарастары мен ғалымдардың сыни пікірлері талдауға негіз ретінде алынды.

2. Материалдар мен әдістері

2.1. Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында антропологиялық, герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Тақырыпты зерттеу барысында мақаладағы негізгі мақсатқа сәйкес көркем антропология, эко апат, полигон сынағы жайлы зерттеу еңбектер мәтіндік талдауға дәйектеме ретінде ұсынылып, романдағы кейіпкерлер тағдырына қатысты қарастырылды. Антропологиялық талдау әдісі арқылы автордың кейіпкер есімдеріне жүктеген негізгі ойы талданды. «Киік-қырған» жазығының символикалық мәні мен жергілікті халық психологиясындағы өзгерістерді зерделеуде герменевтика әдісінің негізгі ұстанымдары басшылыққа алынды. Бұл әдістер зерттеуді жүйелі жүргізіп, тұжырым жасауға және мақаланың алға қойған мақсатына жетуге мүмкіндік берді.

2.2. Материалға сипаттама

Мақалаға Бекежан Тілегеновтің «Қара жел» романы негізгі материал ретінде таңдалды. Тақырыпты зерттеу үшін көркем антропология саласын қарастырған Ф.Дебус, Э.Орлова, Л.Клейн секілді ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

3. Талқылануы

М.Горький И.Репинге жазған хатында «мен адамнан асқан күрделі де ғажап жаратылысты білмеймін. Ол тіпті құдайдың өзін ойлап тапты» (Крохина, 2019: 106), - дейді. Б.Тілегеновтің «Қара жел» романын талдай отырып, біз М.Горькийдің сөзіне адамзатқа қасірет шектірген атом бомбасын да жасаған адам» дегенді қосар едік.

Бекежан Тілегеновтің «Қара жел» романы 1990 жылы жарық көрген. Роман қазақ тарихында ерекше қасіретті деп саналатын Семей полигонына арналған. Романда

жазушы халықтың қасіретті тағдырын таныту барысында өзіндік суреткерлік шеберлігімен тың суреттеулерге жүгінеді. Атап айтар болсақ ол кейіпкер есімдеріне қосымша мағына үстейді. Тіл білімінде антропоним деп аталатын адам есімдері көркем туындыда авторлық идеяны танытудың негізгі құралына айналады. В.Савельеваның зерттеуі бойынша XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде «Лиза, Софья, Мария» деген есімдер кеңінен қолданылса (Савельева, 1999: 79), Х.Юнусова А.Чеховтың «Шенеуніктің өлімі» әңгімесіндегі Червяков деген есімнің шынтуайтында эпитетке айналған көркемдік тәсіл (Yunusova, 2021: 3007) екенін айтады⁶. Неміс ономастигі Ф.Дебус көркем туындыдағы есімдер классификациясын – сөйлейтін, жіктелген, ауысқан/шынайы деп үшке жіктеп, әрқайсысына түсіндірме береді:

- «сөйлейтін» есімдер сипаттамалық қызмет атқарады. Бұл есімдердің білдіретін мағынасы кейде айқын, кейде талдау барысында көрінеді.

- «жіктелген» есімдер – есім иесінің әлдебір әлеуметтік, ұлттық немесе басқа бір топқа жататынын айқындап тұрады.

- «ауысқан/шынайы немесе дыбыстау/еліктеу» сипатындағы есімдер – естілуіне байланысты жағымды не жағымсыз мән беретіні айқын көрінетін есімдер (Debus, 2012).

Ф.Дебус Т.Маннның 1903 жылы жарық көрген «Тонио Крегер» повесіндегі есімдер классификациясын талдай келе: «Егер қазіргі ақындардан есімді қалай таңдайтынын сұрасақ олардан «шығармаға үйлесімді болу керек» деген жауап алар едік. Ал менің Т.Манннан сұрауға мүмкіндігім болғанда, оның да жауабы сондай болар ма еді» (Debus, 2004: 2), деп оның «Тонио Крегер» повесіндегі бас кейіпкердің неліктен Тонио деп аталғанына назар аударады. Оның әкесі Крегер солтүстік неміс жерінен шыққан саудагер әрі Любек қаласының консулы, ал анасы «өз күшімен төменгі таптан көтерілген» (Манн, 1973: 104) италиялық әйел. Демек, Тонио есімі – оңтүстік (итальян) мәдениеті мен солтүстік (герман) мәдениетінің қосындысы, бұны кейіпкердің Лизавете Ивановнаға жазған «мен екі әлемнің ортасында тұрғандаймын, екеуіне де ортақ сол сәтте екеуіне де жатпын» (Манн, 1973: 155) деген сөздеріндегі ішкі қайшылығынан байқауға болады.

Ономатолог Ф.Дебус талдаған «Тонио Крегер» мен біз қарастыратын «Қара жел» романының арасында ұқсас белгілер байқалады. Оның ең бастысы адам есімдерінің сюжеттегі қызметінде жатыр. «Қара жел» романын оқыған оқырманды бас кейіпкердің неліктен Арман екендігі, радиациядан қаза тапқан қыздың Мөлдір деп неге аталғандығы ойлантады. Біздің пайымдауымызша, сұрақтың жауабы шығарманың идеялық мазмұнында тұр. Алғашқы тараудағы «ауылға келген тұтқиыл пәледен» жұртты көшіру міндеті жүктелген майор бейнесі жағымды әсер қалдырады. Өз туғандарын көшіруге келгендей бәріне жанашырлықпен қарап, бір адамды болсын қалдырмауға бекінген әрекеті бұл кейіпкерді кеңес әскері жайлы өзге шығармалардан ерекшелейді. Арман жайы да алғаш Балқия мен майордың диалогында сөз болып, оның «ауылға демалысқа келген студент жігіт екені, Алматыға оқуына қайтып бара жатқаны, Мөлдірдің оны шығарып салмаққа кеткенінен» (Тілегенов, 2017: 290), кейіпкерлердің бір-біріне деген ғашықтық сезімі көрінеді.

Қазақ әдеби тілі сөздігінде «мөлдір» сөзіне «Ақ, таза, пәк, кіршіксіз» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011а: 304) деген мағына берілген. Осы жерде кейіпкер есіміне

жасырылған мағына ашылады. Романның ширек бөлігінде аталып, көп ұзамай атом бомбасының алғашқы құрбаны болған қыздың таза, пәк күйінде көз жұмғаны, жүрек сөзінің айтылмай, бірге қол ұстасуға бекінген жастар тілегінің орындалмай қалғаны немесе орындалмайтыны оқырман санасына кейіпкер есімі арқылы білдірілген. «Арман» сөзіне қазақ әдеби тілі сөздігінде «көксеген мақсат, тілек, қиял» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011б: 629) деген мағына берілген. Ол білместіктен сүйгенінен айырылғанына өзін іштей кінәлі санап, романның басынан соңына дейін Мөлдірдің ата-анасынан іштей кешіріп сұрап, катарсистен өтеді. Оның есімі қазақ тіліндегі «мұратына жетпей қалған» деген ұғымды меңзейді. «Қара жел» романындағы өзге де есімдерге тоқталсақ, билік өкілдерінің аты аталмай, тек тегімен айтылуының өзіндік мәні бар. Мысалға, совхоз директоры Дарбасов, жоғарыдан келген құрметті өкіл Баймағанбетов пен көмекшісі Мырзашев секілді кейіпкерлердің есімін айтпау арқылы автор олардың қарапайым халықтан қаншалықты алшақ, араларында көзге көрінбейтін бөгет бар екенін меңзейді.

Роман желісінде автор баса назар аударған кейіпкерлер үшеу. Арман арқылы оқиға желісі жүріп отырса, Мөлдір ядролық сынағының алғашқы құрбаны ретінде көрінеді. Жұман алғашында алаңғасар, ой қосарлықтай салмағы жоқ кейіпкер ретінде көрінгенімен екінші бөлімде алаңғасарлығы ақкөңілділікке ауысып, автордың ядролық сынақ жайлы ойын оқырманға жеткізуші, резонер рөліне ауысқан.

Поэтикалық антропологияның кейіпкерді зерделеуге қатысты аспектілерінің бірі – адамның сыртқы болмысының көркем поэтикасы. Осы арқылы шығармадағы кейіпкер мінездемесін түрлі өлшемде түсініп, сюжет желісіне қаншалықты қатысы бар екенін айқындауға болады. В.Савельеваның пікірінше «адам тәнінің әдемілігінің (әйел, ер, бала, әдемі қартаю) өнерде өзіндік орны бар. Әрбір жазушы ұлтының сұлулық формулаларының жиынтығына үлесін қосады» (Савельева, 1999: 151). Ғалымның бұл пікіріне сүйене отырып, романдағы Мөлдір бейнесін талдамақпыз. Шығарма желісіндегі Мөлдір бейнесіне қатысты семиотикалық нысан – ар тазалығы, болмыс пәктігі. Автор кейіпкер бейнесін мінездеме беруде осы ерекшеліктерге басымдық береді. Мысал келтірелік:

«Мөлдірдің үстінде белін қынаған қос етек көйлек. Аяғында тоқ балтырына құйып қойғандай жараса қалған қалақтай былғары етік. Астындағы аты ұршықша үйіріліп, ойнақшып келеді. Аттың жалы да жібектей төгіледі. Астындағы аты желе жортып, көсіле түскен сайын білектей жуан бұрымы жауырынын ұрып, өрме ұшы желкілдеп, тарқатыла береді. Қызыл камзол аш белін қынап, айқындай түседі. Сықылықтап күлген кезде қасы қарлығаштың қос қанатындай қиылып, көз жанары жалт ете қалады. Ызғытып шауып барып, оқыс бұрылып, кері қайтқан кезде, жұдырықтай кеудесі дірдір етеді» (Тілегенов, 2017: 305). Бұл суреттеу – көркем де сұлу қыз бейнесін көз алдымызға келтіреді. Автор шауып бара жатқан жылқы мен оның үстіндегі кейіпкерді тұтас бір ұғым ретінде ұсынып, сол арқылы сұлулықты жеткізген. Дала қызының қос етек көйлек, былғары етік, қызыл камзол киюі ХХ ғасырдың жартысы болса да ауыл қазағының урбанизацияға ұшырамағанын, ата-бабасының ғасырлар бойғы киім дәстүрінің жалғасын көрсету арқылы кейіпкердің жан дүние тазалығын аңғартады. Кейіпкер тұлғасын сипаттауда эмоцияны басқара білу – аса маңызды мәнге ие. Ол

түрлі мінездеудің – аярлық, жек көру, жағымпаздық, тасжүректік, жақсы көрудің белгісі болуы мүмкін. Бір-бірімен ойнап жарысқан кездегі эпизодта Арманның аттан құлағанына Мөлдірдің эмоциясынан (шошу) жігітке деген сезімі байқалса («сен қумасаң да сүйгізетін едім ғой») (Тілегенов, 2017: 306)), «мені жақсы көресің бе?» (Тілегенов, 2017: 307) деген жігіттің сауалынан екеуінің осы кезге дейін жасырып келген құпиясын білеміз.

Романда Мөлдірдің ядролық сынаққа ұшыраған сәті былай баяндалған:

«...орнынан атып тұрып, от-жалыннан көз айырмай қарап қалды. Найзағайдың шатырлағанындай, жер айырылғандай гүрс еткен қатты жарылыстан ми шайқалғандай болды. Құлақ тас бітіп, көз көруден қалған. Жалт еткен жалынға адам тік қарай алмайды. Мөлдір жасылдан жасқанғандай басын қорғалап, жерге жата кетті. Сонда да тау ішіндегі жаңғырық құлақты тұндырып, шыңылдатып, жарып жібере жаздады. Шекесі солқ-солқ етеді.

- Пісмілла! Пісмілла! Сақтай гөр! Астафыралла!

Шешесінің бала кезінде үйреткен әдеті. Найзағай жарқылдағанда осылай сыйынатын еді, әлі ұмытпапты. Жаңағы жаңғырық бүкіл тұла бойын шымырлатып, шарлап шығып, кеудесінен қатты түйіп жібергендей болды. Өкпесі солқ ете түсті. Жүрегі дүрсілдеп, аттай тулап тұр» (Тілегенов, 2017: 330). Бұл – адам баласы осыған дейін кезікпеген жаңа қару, жаңа үреймен бетпе-бет келген қыздың алғашқы әсері. Қалың елдің ортасына әкеліп сынақ өткізеді дегенді ойламаған адам үшін бұл гүрсіл найзағай сияқты сезіледі. Бірақ найзағайдан да қуатты, бір жарылысының өзі адам денесін әлсіретіп жіберерлік күшке ие. Ең алғашқы сынақ жайында «Семей ядролық полигонында 1949 жылы 9 тамызда қуаты 22,4 кт болатын бірінші кеңестік атом бомбасы жер үстінде жарылды. Оның салмағы да, көлемі де авиациялық бомба тәрізді, сондай-ақ бұл бомба құрылымы жағынан 1945 жылы АҚШ-тың Нагасакиге тастаған бомбасына ұқсас болды. Ал оның салдары мен зардаптары бүгінгі күнге дейін жетті. Нагасаки префектурасы жасаған есепте эпицентрден бір шақырым қашықтықта болған адамдар мен жануарлардың бірден қайтыс болғандықтары, екі шақырым радиустағы үйлердің барлығы дерлік қирағандығы туралы жазылған. Жалпы қираған ғимараттардың арасында тек он екі пайызы ғана аман қалған» (Смагулова, 2022: 166) деген ресми мәлімдеме, Мөлдірдің қандай азапқа тап болғанын, бойжеткен қыздың өзі де толық түсінбейтін қасіретін тереңдете түседі. Тандайына темірдің дәмі келген, тәлтіректеп әрең қозғалған қыз әке-шешесіне тезірек жетуге бекінеді. Алдыға қадам басудың өзі мұң болып, тірі адам төзбес ыстықтан жанын қоярға жер таба алмаған қыз «...әке! мына пәледен аулақ кет! қаш! – деп айқай салғысы келеді. Бірақ оған шамасы жоқ. Қанша айқайлағанымен мұның қарлыққан дауысын қазір кім естісін» (Тілегенов, 2017: 331). Бұл тек Мөлдірдің дауысы, айғайы емес, отар халықтың «бізді құтқарыңдар» деген белгісі. Алайда бодан жұртты ешкім естімейді.

Көшкен ауылдың жұртында жалғыз Ақтөс деген ит қалады. Қазақ халқының итті жеті қазынаға тегін қоспағанын жазушы осы желі арқылы танытқан. Қыңсылаған, жүні күйген иттің аянышты дауысы мен қыздың «Ақтөс, мен өлген адаммын. Мен үйіме өлуге келдім» (Тілегенов, 2017: 336) деген сөздері арқылы екі мұңлықтың соңғы сәтін бейнелейді. Өлім халінде жатқан Мөлдірдің ойына әке-шеше, құрбы-құрдас,

туған-туыс, ауыл-аймақ келеді. Іштей бәрімен қоштасқан қыз Арманды қимайды. Ғашық жанның соңғы сөзі де «Арман! Қош бол! Мен сені сүйемін!» (Тілегенов, 2017: 337) болды. Атом сынағының алғашқы құрбаны болған кейіпкер қасіретін жеткізу арқылы автор мыңдаған дәрменсіз жанның соңғы сәтін көрсеткен. Зерттеуші Ю.Лотман: «Мәтіннің тез таңбаланған соңының кейіпкердің өлімімен, яғни өмірінің биологиялық соңымен үйлеспейтінін мифтің эсхатологиялық аңыздағы қалдығы деп санауға болады» (Лотман, 2019: 286) деген пікір айтады. Ғалым бұл пікірін «өлім баянның соңында емес, ортасында болады. Эсхатологиялық аяқталу, негізінен, ізгі бастаманың соңында жеңіске жетуі және зұлымдықты айыптау мен жазалау ғана бола алады» (Лотман, 2022: 286) деген тұжырым жасайды. Мөлдірдің азапты өлімі де эсхатологиялық аяқталу, кеңестік солақай саясатты автордың айыптауы мен түбінде жазықсыз халыққа кесірі тиген сынақтың жабылуына деген үміті деп қорытынды жасаймыз.

Романның сюжеттік динамикасы бір ғана кейіпкердің, Арманның қатысуымен алға жылжуы – фоколизация баяндаушы позициясымен астасып тұр. Алғаш майор бастаған әскерилердің ауылды дүрліктіріп, тезірек көшіруге әрекет жасаған кезінде аты аталғаннан бастап, шығарма нүктесі қойылғанға дейінгі аралықтағы оқиға желісі Арманның қатысуымен өтеді. Оның жан азабы Мөлдірдің анасы Балқияның сөзінен басталады.

– «Арман-ау мұның қалай болды? Қызымды қолымнан аман-есен беріп едім ғой. Үйден шыққанда аман-есен кетіп еді ғой. Осылай қайтар деп пе едім саған, - деді Балқия бүйірін тіреп» (Тілегенов, 2017: 344). Бұл эпизод арқылы автор Арманға кінә мен моральдық жауапкершілік сезімін жүктейді. Арада жылдар өтіп, жұрт полигон сынағына қарамай күнделікті тіршілігін кеше бастайды. Арман да отбасымен Қайрақтыға келіп, өзі көптен көрмеген жақын-жұрағаттың амандығын біліп, туыстарын аралайды. Ел ішіндегі әңгімеге қаныға отырып, зона басшыларының үш күнге шөп шабуға рұқсат бергенін естіп, ағасы Қалиға ілесіп, қалың жұртпен бірге ескі Қайрақтыға аттанады. Өзі өскен ауылдың ескі жұртын барлап тұрған Арман арқылы автор жеке кейіпкердің емес, бүкіл қоғамның моральдық жағынан құлдырауға бет алғанын көрсетеді:

«...Сенген елі, сенген ұрпағы қайда, болашағы қайда? Тоз-тоз болып, сайда саны, құмда ізі жоқ, бет-бетімен бытырап кеткен жоқ па. Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары деуші еді, енді қалған ұрпақтың жеті атасы түгілі, өз әкесінен әрі қарай беттей алмай қалатыны несі. Оған кім кінәлі? Қаладан оқу іздеп, елден кеткенде, осының бәрінен де қол үзіп, ауылдан да, жұртынан да безген екен ғой. Мына иесіз қалған ауылдың алдында бүкіл осы аймақтың азаматы да, елі де, жұрты да кінәлі емес пе? Бұлардың ешқайсының айыбы жоқ еді деп кім айта алады?» (Тілегенов, 2017: 390). Бұл тек Арманның емес, автордың да жанын сыздатқан сезім. Осы жолдардан кеңестік жүйенің кесірінен халықтың басына полигонның ғана емес, урбанизацияның да жұт болып келгені, кешегі елдің тоз-тозы шығып, жан-жаққа тарап кеткенін автор кейіпкер сөзі арқылы жеткізіп тұр деген тұжырым жасаймыз.

Екінші бөлімнің соңында Арман Түсіптің жауырыны дірілдеп ауыратын немересі Қайратты емдету үшін Алматыға алып келеді. Біршама тексерістен кейін дәрігерлер

нақты диагноз қоя алмай, баланың тұрғылықты жері, радиация әсері болар деген күдік айтады. Дәрігердің нақты диагноз қоя алмауы мен барлық жайтты Қайрақты ауылына сілтеуінен жүйенің адам еркіндігін шектеуі, сөз бостандығының қағаз бетінде қалуы секілді кеңестік жүйеге тән әлеуметтік жағдайлар көрінеді. Тоталитарлы саясаттың халықты мемлекет құраушы ұғым емес, алмастыруға болатын зат ретінде көруі романның бірнеше жерінде байқалады. Емі жоқ дертке душар болған бала ауылына оралғаннан кейін бір ай шамасында дүниеден озады.

Үшінші бөлімде арада біршама жылдар өткеннен кейінгі оқиғалар тізбегі көрініс тапқан. Арман бұл кезде экономика ғылымдарының докторы атанып, ауыл-аймағының сыйлы азаматы атанған. Елінен Ақшатау ауданының құрылғанына 60 жыл болған тойға шақырту қағазы келеді. Ағасымен хабарласқан кезде өзімен қатар «академик Тәкен Тойғанбаев, әнші Сәуле Жиенбаева, жазушы Серік Нұржановтың» (Тілегенов, 2017: 426) шақырылғанын естиді. Әрқайсына кезек хабарласып, үшеуінің де баруға ниеті болмай отырғанын, ең басты себеп – ашып айтпаса да радиация екенін аңғарады. Осы жерде автор Арманның: «Қайран ел-ай, осыларды да сыйлы азаматымыз бар деп сыртынан құрмет тұтып, мақтан етіп жүр-ау. Бұлардың мұндағы ұсақ тірлігін қайдан білсін» (Тілегенов, 2017: 428) деген ішкі күйзелісін береді. Халықтың «асын ішіп, аяғына түкірген» деген мақалы мен жоғарыдағы академик, әнші, жазушының ісі сабақтас. Осы эпизод оқырман санасында екі түрлі ой қалдырады. Туған жердің құрметтеп шақыруы мен өз денсаулығын бәрінен жоғары қойып отырған адамдардың әрекетіне біржақты баға бере алмаймыз.

Қайрақтыға қайта барған кейіпкер арқылы автор оқиғаны шарықтау шегіне жеткізіп, шешімін жасайды. Аудан басшылығы әр жақтан жиналған қадірлі адамдардың көңілін ауламақ болып аң аулауға апарады. Олардың аңшылық құрған жері Түсіп пен Жұманның қонысына жақын болып, Арман солардың үйінде аялдайды. Кенет «алыстан бірдеме гүрс еткендей болды. Үйдің іші дүрілдеп қоя берді. Әлде жер сілкінді ме екен. Әйтеуір, дүрілдеген екпін алыстан естіліп, сілкініс алыстан жеткендей» (Тілегенов, 2017: 454). Балқия Арманға қабырғадағы сағатты көруін сұрайды. Осы жерде автор сағат тілінің жарылыс кезінде тоқтап қалуын көркем деталь ретінде қолданған. Сағат тілінің тоқтаусыз жүруі өмірді білдірсе, оның жарылыс болғанда тоқтауы полигон сынағының қаншама өмірді қыршыннан қиятынын меңзейді. Полигонға жақын маңайдағы қойшыларды көшіру кезінде Арман күрескер сипатында көрінеді. Роман соңында ешкімге көнбей қойшы ауылын көшіріп бара жатқан Арманның жан-дүниесінен екіге жарылған күйініш сезіледі:

«Алыста кең жазықтың бір шетінде қыл көпірдің үстінде қалғандай қалтырап, мүләйімсіп мүсәпір күйге ұшыраған қараша үй, оған жапсырыла салынған ескі қоралар көзге түсті» (Тілегенов, 2017: 479). Тажалдың аузында жансыз үй мен қора емес, күллі қазақтың жаны қалғандай. Автордың романға жүк ретінде артқан негізгі ойы да осы.

Романның алғашқы бөлімінде жас, студент бейнесінде көрінген Арман екінші бөлімде тұлғасы қалыптасқан, ойы біршама жетілген туған еліне көмек қолын ұсынғысы келетін кейіпкер дәрежесінде көрінеді. Арманның іс-әрекеті арқылы оқиға желісін бақылай отырып, кеңестік оспадар жүйенің солақай саясатын

сезінеміз. Үшінші бөлімде Арманның кейіпкер ретіндегі тұлғасы дараланып, күрескерлік қабілеті ашылады. Роман «Арман тағы да төменге үңілді. Жазық дала артта ұзап қалып бара жатты» (Тілегенов, 2017: 479) деген сөйлеммен аяқталады. Ертеден «дала» ұғымы ұлттық танымымызда «қазақ» сөзімен шендес, мәндес болып қалыптасқаны белгілі. Дала ұғымының ядролық полигон қойнауында қалуы мен сол жерді мекен еткен ұлт өкілінің үнсіздігі халықтың дәрменсіз, қолы байлаулы отар екенін айқындай түседі деп тұжырымдаймыз.

Жұман бейнесі «азап шегуші және өлім алдындағы адам» (Художественная антропология и творчества писателя, 2007: 158) деген антропологиялық категорияда танылады. Автор оған «жүріс-тұрысы да, сөзі де жылдам, елпілдеген жеңілтек жан сияқты. Мінезі де ұшқалақ па қалай. Орта бойлы, ілмиген арық. Отырған орнында да тағат таппай копаң-копаң етіп, қозғала берді. Әркімге бір жалтақтап қойып, алаң-бұлаң етіп отыр. Сөзге де орынсыз килігіп, қыстырыла кететін түрі бар» деп мінездеме береді. Осы мінездеме оқиға барысында барынша ашыла түседі. Ал совхоздың қойын қауіпсіз жерге көшірем деп кетіп, өзі жоқта анасынан айырылғанын естігенде оның қаншама уақыт бойы үнсіз келген іштегі зары айтылады.

«Осының бәріне кінәлі анау. Осының бәрі соның ісі. Сталинді құдайдай көріп, Сталин үшін қан кешіп келіп едік, сондағы көрсеткен жақсылығы осы ма. Нағыз тажал сол болды ғой. Көрінде өкіргір, көрінде өкір» (Тілегенов, 2017: 322) деп ашуға булығыды. Сталин кезеңіне тән бұл эпизодты автор деталь ретінде шебер пайдаланып, тоталитарлы жүйенің сөз еркіндігі мен ой еркіндігін барынша шектейтінін көрсетеді. Көпшілік алдында партия басшысы жайлы нашар сөз айтқаны үшін сол түні қауіпсіздік комитетінің адамдары оны тұтқындап әкетеді. Екінші бөлімде Түсіптің сөзінен Жұманның шатасып, ойына келгеннің бәрін талғамай сөйлейтін күйге түскені туралы хабардар боламыз. Бұл тоталитарлы саясаттың адамның ойын ашық айтуға мүмкіндік бермегенінің соңы қалай боларын көрсеткен қасіретті көрініс. Романның алғашқы бөліміндегі Жұманның ішіндегі уытты зар соңғы бөлімде айқын көрінген. Армандар аң аулап жүріп Түсіп пен Жұман отырған ауылған қонған түннің ертесіндегі жарылыстан таудың бір бөлігі опырылып, улы газ сыртқа шығып кетеді. Соны естіген Жұман «мына жұртты қырасындар ма деп бастықтарыңа айтам деп» полигонға барады. Артынан іздеп барған Арман белуарынан қарға көміліп жатқан жерінен табады. Ақыры романда трагикомедиялық бейне ретінде көрініп, автордың Сталинге, полигонға қатысты ойын жеткізген кейіпкер ескі Қайрақтының маңайында әділетсіздіктің құрбаны болады. Зерттеуші Г.С.Мусина «Семей қасіретінің қазақ поэзиясындағы көрінісі» (Ұ.Есдәулет, Т.Әбдікәкімов, Б.Жақып шығармалары негізінде) атты мақаласында ақындардың ядролық сынақ қасіреті жайлы өлеңдерін талдай келе «...өлім түнегін құшқан кейіпкерлері – пессимизмге бой ұрғаннан аулақ тұлғалар. Олардың өмірге деген махаббаты мәңгілік» (Мусинова, 2021: 100) деген қорытынды жасайды. Біздің тұжырымымыз бойынша, Б.Тілегеновтің «Қара жел» романындағы сынақ әсерінен ажал құшқан Мөлдір де, Жұман да осындай кейіпкерлер.

«Қара жел» романында негізгі идеялық мазмұнды арқалаған кейіпкерлермен қатар полигон аймағын мекендеген ақбөкендер тағдыры да ядролық сынақтың зардабын оқырман санасына сіңіруде маңызды қызмет атқарады.

Генуя университетінің зерттеушісі Катерина Ре «Орталық Азияның постядролық экожүйесі: «Хамид Исмайыловтың «Вундеркинд Ержан» романы» деген мақаласында «Әдеби мәтіндерді экожүйе арқылы күрделі байланыстарға назар аударып оқу – қазіргі антропоцен геологиялық дәуірінде қажеттілікке айналды. Себебі адам әрекеттері жердің барлық бұрышына орны толмас өзгеріс енгізді» (Ре, 2024: 129) деген пікір айтады. «Қара жел» романының екінші бөлімінде ескі Қайрақтыға келе жатқан жолда әр жерде шашылып жатқан аппақ нәрсе назарға алынған. Алғашында тасқа ұқсағанымен жақындай келе бұлардың сүйек екені түсінікті болады. Автор бұл сүйектердің хикаясын Түсіп арқылы жеткізеді:

«Осыдан алты жыл бұрын, атом бомбасы ашық жерде сыналатын кезде осы тобылғы сайын сағалап бір топ киік қашып келді. Бірдемеден шошынып, үркіп осы бетке ауған сияқты. Жандары қалатындай тобылғы жыңғылының арасындағы осы бір алақандай аланды паналады. Әлде қалжырап, титықтап жетті ме, әйтеуір бір-біріне тіркесіп, біріне-бірі тұмсық сүйеп, осы араға келіп жығылды. ...Бұл сай бір күнде қан сасып, өлік шіріп, жүздеген киіктің көріне айналды. Содан бері осы жазық «Киік-қырған» деп аталды» (Тілегенов, 2017: 380).

Қазақ халқының танымы қашаннан ақбөкен мен киікті киелі, атқан адамды обалы жібермейді деп санаған. Үшінші тарауда жарылыстан қауіптеніп, ауданға қайтып бара жатқан топтың алдынан киіктер кездеседі. «Бөкендер тобы құжынаған қалың. Әлденеше мыңдап саналатын болар. Бәрі бір қалыптан шыққандай бір келкі – шолтиған қысқа құйрық, жіңішке сирақ, қоңқы мұрын, үшкір мүйіз. Топырлап, шоғырланып үйіліп шаппай қаз-қатар тізіліп, лег-легімен шұбырып барады» (Тілегенов, 2017: 461). Алдымен Дегелең тауынан бері қарай шапқан бөкен тобы, кенет қайтадан кері бағытқа қайтады. Шалық ұрған Жұманды іздеуге шыққан Арман үрейлі дыбысты естіп шошынады.

«Арман жаңағы аппақ даланың ортасындағы қап-қара ашық алаңға жақындап қалды. Енді байқады, бәрін анық көрді. Ашық алаң дегені қоғадай жапырылып жайрап жатқан жүздеген, мыңдаған ақ бөкендердің топтасып, шоғырланған денесі екен. Сансыз бөкен серейіп қырылып қалған. Әр тұстан әлі жаны шықпаған бірен-сараны басын көтеріп, қиналғандай ышқынып, дыбыс береді. Жаңағы зәрені алған жаман дауыс осы екен» (Тілегенов, 2017: 476). Романда ескі Қайрақтыдан көшкен халық пен өзі мекен еткен Дегелеңінен үдере қашып, қайырыла барған жануар тағдыры шендестіріле суреттелген. Автор киік, ақбөкендер тағдырын романдағы қазақ ауылымен параллель жасап, екеуінің де атажұрттан айырылып тозғанын, дала секілді қасиетті ұғымның сынақ алаңына айналғанын оқырманға дәлелді түрде жеткізген.

4. Зерттеу нәтижесі

Ойымызды жинақтай келе, кейіпкерлер тағдырына антропологиялық талдау жасай отырып, бірнеше ғылыми тұжырым жасауға болады.

Біріншіден, Мөлдір бейнесі сынақтың алғашқы құрбаны болып қыршын кеткен кейіпкер ретінде суреттелген. Бір жағынан эсхатологиялық миф түрінде берілсе, екінші жағынан осы арқылы автор халыққа келе жатқан жұт жайында оқырманына ым-ишара жасайды деп түйіндейміз.

Екіншіден, Жұман арқылы автор «үнсіз адам» бейнесін ұсынған. Оның айғайлайтын дауысы болғанымен де ешкім оны естіп, назар аудармайды. Автор Жұман тәрізді бейнелер арқылы тоталитарлы саясаттың адамды саяси механизмнің құралы ретінде қолданатынын әшкерелейді. Колониалды дискурс тұрғысынан Жұман секілді кейіпкерлер бодандықтың кішігірім моделі ретінде қарастырылады.

Үшіншіден, Арман бейнесі бодан болған халықтың жетпеген мұратын таңбалайды. Романның алғашқы бөлімінде жас, студент бейнесінде көрінген Арман екінші бөлімде тұлғасы қалыптасқан, ойы біршама жетілген туған еліне көмек қолын ұсынғысы келетін кейіпкер ретінде бейнеленген. Арманның іс-әрекеті арқылы оқиға бейнесі арқылы желісін бақылай отырып, кеңестік жүйенің саясатын сезінеміз. Үшінші бөлімде Арманның кейіпкер ретіндегі тұлғасы ерекшеленіп, күрескерлік қабілеті дараланады. Роман «Арман тағы да төменге үңілді. Жазық дала артта ұзап қалып бара жатты» (Тілегенов, 2017: 479 б.) деген сөйлеммен аяқталған. Ертеден «дала» ұғымы ұлттық танымымызда «қазақ» сөзімен шендес, мәндес болып қалыптасқаны белгілі. Автор роман соңында дала ұғымын шебер пайдаланып, оның ядролық полигон қойнауында қалуы мен сол жерді мекен еткен ұлт өкілінің үнсіздігі арқылы халықтың дәрменсіз, қолы байлаулы отар екенін айқындай түскен.

Төртіншіден, біздің пайымымызша, ақбөкен, киік секілді дала жануарының тағдыры арқылы даланы еркін мекендеген халықтың бұғауға түскен қасіретін көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттың бодан болуы халық болмысының өзгеріске ұшырай бастағанына дәлел бола алады.

5. Қорытынды

«Қара жел» романындағы кейіпкерлер тағдырын антропологиялық аспектіде зерделеу үшін Арман, Мөлдір, Жұман бейнесі негізге алынды. Ең алдымен кейіпкер есімінің роман оқиғасына қатысы, әсері талданып, антропонимдердің әдеби шығармадағы рөлі анықталды. Сол негізде автордың кейіпкер есімін оқырманға болашақ оқиғадан белгі беру мақсатында таңдағаны дәйектелді. Роман оқиғасының бастауындағы кейіпкер ажалының эсхатологиялық тұрғыда берілуі назарға алынып, жазушының ядролық сынақ қасіретін танытудағы мақсаты көрсетілді. «Киік-қырған» жазығы мен ақбөкендердің қырылуы символикалық тұрғыда халық тағдырымен сабақтастырылатыны туралы қорытындыға келеміз. Мақаланы жазу барысында алға қойған мақсатымызға жеттік деп есептейміз. Соның ішінде Мөлдір деген есім арқылы оқиға сюжеті мен ішкі тартыс нақтыланды. Романда анықталған көркем детальдар – жарылыс сайын тоқтайтын сағат зардап шеккен адамдарды, белгісіз диагнозбен қайтыс болған бала тоталитарлық жүйенің халыққа жасап отырған саясатын меңзейді. Адам мен табиғат үйлесімінің қаншалықты маңызды екені сынақ алаңындағы «киік-қырған» жазығының оқиғасы арқылы айтылған деп санаймыз.

Жалпы алғанда Семей полигонының зардабын арқау еткен зерттеу еңбектері жеткілікті. Талдау барысында сол еңбектерден дәйектер келтіріліп, ядролық сынақ трагедиясының көркем шығармадағы көрінісі туралы ой қорытылды. Бекежан Тілегеновтің романына қазақ даласының және халқының ядролық сынаққа ұшыраған қасіретті жылдары арқау болған. Семей ядролық полигоны – қазақ даласының ғасырларға жалғасар үлкен қасіреті. Жердің ғана емес елдің де жаны мен тәніне түскен

ауыр жара. «Қара жел» романы, ондағы кейіпкерлер тағдыры ядролық сынақтың ұлт трагедиясы екендігін көркем шығарма арқылы танытқан сөз өнерінің бір мысалы.

Әдебиеттер

1. Бернард, А. Антропология тарихы мен теориясы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 240 бет.
2. Клейн, Л.С. Антропологиялық ілімдердің тарихы / ред. Л. Б. Вишняцкого. – СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2014. – 744 б.
3. Орлова, Э.А. Антропологиялық ілімдердің тарихы: Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттері үшін оқулық. – М.: Академический Проект; Альма Матер, 2010. 621 б.
4. Әдеби антропология / ред. Ф. Пойатос. – Амстердам; Филадельфия: Джон Бенджаминс паблишинг компани, 1988. – 377 б.
5. Бабук, А.В. Әдебиеттанудағы антропологиялық бұрылыс және мәтінді талдаудың әдістемелік мәселелері. ФИЛОЛОГОС, 2022. №22(3)
6. Мим, Ф.Х., Ханам, М.С. Ағылшын әдебиетін антропология және психоанализ тұрғысынан оқу. Грин Университи Ревью оф Соушл Сайенсиз, 2018. 4(2), 25–34.
7. Крохина, Н.П. М. Горький шығармаларындағы адамқұдайлық мотивтер. Гуманитарные ведомости ТГПУ им. Л.Н. Толстого – 2019 ж. №3. 105-116 бет.
8. Савельева, В.В. Әдеби антропология: монография. – Алматы: Абая ат. АҰУ, 1999. – 281 б.
9. Юнусова, Г.Х. Ағылшын әдеби мәтініндегі жалқы есімдердің қызметі // Траджектори оф Сайенс. – 2021. – 7-т., №3. – 3006–3011 . <https://www.cceol.com/search/article-detail?id=963124>
10. Дебус, Ф. Есімтану және есімдер тарихы. Кіріспе. Берлин: Эрих Шмидт Ферлаг, 2012. 280 б.
11. Дебус, Ф. «Әдеби есімдердің қызметтері» // Шпрахрепорт, Институт фюр Дойче Шпрахе, Манхайм, 2004, 21-т., №1, 2–9 б.
12. Манн, Т. Новеллалар: неміс тілінен аударылған. / Манн, Томас... – Москва : Худож. лит., 1973. – 380 б.
13. Тілегенов, Б. Сексен алтыншы жыл. Қара жел. Роман / Тілегенов Б., Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2017. – 480 б
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том / Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек - және т.б. – Алматы, 2011. 11-том. – М –О. – 752 бет.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек - және т.б. – Алматы, 2011. 1-том. – А –А. – 752 бет.
16. Смагулова, Г.М., Какенова, З.А., Тулеуова, К.Т., Зипатолла, Ш.К. ««Құпия» белгісі қойылған ядролық сынақ полигондары: кеше және бүгін» // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия. – 2022. – № 4(108). –164-171 б.
17. Лотман, Ю. Семиосфера. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 640 бет.
18. Әдеби антропология және жазушы шығармашылығы [Мәтін] : оқулық. / С. Аманжолов ат. Шығ-Қаз, мем. ун-т, Абай ат. ҚазҰПУ; [ред. В. В. Савельевой, Л. И. Абдуллиной]. - Өскемен : Ресит, 2007. - 407,[3] б.
19. Ре, К. Орталық Азияның постнуклеарлық экожүйесі: Хамид Исмаиловтың «Вундеркинд Ержан» шығармасы // Эйжа & зе Антропосин. – 2024. – 2-т., №1. – 128-б. <https://doi.org/10.36253/asiac-2421>
20. Мусинова, Г. Семей қасіретінің қазақ поэзиясындағы көрінісі (Ұ. Есдәулет, Т. Әбдікәкімов, Б. Жақып шығармалары негізінде) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – № 137(4). – Б. 97–102. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-97-102>

References

1. Babuk A.V. (2022). Antropologicheskii povorot v literaturovedenii i metodologicheskie problemy analiza teksta [Anthropological turn in literary studies]. *FILOLOGOS*, 22(3). (in Rus.).
2. Bernard A. (2018). Antropologiya tarikhly men teoriyasy [History and theory of anthropology]. Almaty: Ul'tytk audarma byurosly. (in Kaz.).

3. Debus F. (2004). Funktionen literarischer Namen [Functions of literary names]. *Sprachreport*, 21(1), 2–9. (in Ger.).
4. Debus F. (2012). *Namenkunde und Namengeschichte. Eine Einführung*. Berlin: Erich Schmidt Verlag. (in Ger.).
5. Khudozhestvennaya antropologiya i tvorchestvo pisatelya [Artistic anthropology and the writer's creativity]. Ust-Kamenogorsk: Restit. (in Rus.).
6. Klein L.S. (2014). Istoriya antropologicheskikh uchenii [History of anthropological doctrines]. Saint Petersburg: SPbU Publishing. (in Rus.).
7. Krokhnina N.P. (2019). Bogochelovecheskie motivy v khudozhestvennoi antropologii M. Gorkogo [Divine-human motifs in Gorky's anthropology]. *Gumanitarnye vedomosti TGPU*, (3), 105–116. (in Rus.).
8. Lotman Yu. (2019). Semiosfera [Semiosphere]. Almaty: Ulityk audarma byuropy. (in Rus.).
9. Mann T. (1973). Novelly [Novellas]. Moscow: Khudozhestvennaya literatura. (in Rus.).
10. Meem F.H., & Khanam M.S. (2018). Reading English literature through anthropology and psychoanalysis. *Green University Review of Social Sciences*, 4(2), 25–34. (in Eng.).
11. Musinova G. (2021). Semei qasiretinin qazaq poeziiasyndaǵy kórinisi [Semey tragedy in Kazakh poetry]. *ENU Bulletin. Philology*, 137(4), 97–102. (<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-97-102>) (in Kaz.).
12. Orlova E.A. (2010). Istoriya antropologicheskikh uchenii [History of anthropological doctrines]. Moscow: Akademicheskii Proekt. (in Rus.).
13. Poyatos F. (Ed.). (1988). *Literary Anthropology*. Amsterdam–Philadelphia: John Benjamins. (in Eng.).
14. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. On bes tomдық, 1-tom [Dictionary of Kazakh literary language, vol. 1]. Almaty. (in Kaz.).
15. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. On bes tomдық, 11-tom [Dictionary of Kazakh literary language, vol. 11]. Almaty. (in Kaz.).
16. Re C. (2024). The postnuclear ecosystem of Central Asia: Hamid Ismailov's *Vunderkind Erzhan*. *Asia & the Anthropocene*, 2(1), 128. (<https://doi.org/10.36253/asiac-2421>) (in Eng.).
17. Savel'eva V. V. (1999). Khudozhestvennaya antropologiya [Artistic anthropology]. Almaty: Abai University. (in Rus.).
18. Smagulova G.M., Kakenova Z.A., Tuleuova K.T., & Zipatolla Sh.K. (2022). Qupiya belgisi qoyılǵan iadrolyq synaq poligondary [Secret nuclear test sites]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta*, 4(108), 164–171. (in Kaz.).
19. Tilegenov B. (2017). Seksen altynshy zhil. Qara zhel [The 86th year. Black wind]. Almaty: Daur-Kitap. (In Kaz.).
20. Yunusova G.X. (2021). Functioning of proper names in the English literary text. *Trajectory of Science*, 7(3), 3006–3011. (<https://www.ceeol.com/search/article-detail?id=963124>) (in Eng.).